

"Қазақстан Республикасы МТК-нің тергеу изоляторларында айрықша жағдай режимін іске енгізу тәртібі туралы" Нұсқаулықты бекіту жөнінде

Күшін жойған

Мемлекеттік тергеу комитеті мен Ішкі істер министрлігінің 1996 жылғы 28 мамырдағы N 99/192 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1996 жылғы 26 қазанда тіркелді. Тіркеу N 214. Күші жойылды - ҚР Ішкі Істер Министрлігінің 2004 жылғы 25 желтоқсандағы N 713 Бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді-----

Ведомстволық нормативтік құқықтық актілерді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестендіру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің мынадай:

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1996 жылғы 26 қазанда N 214 болып тіркелген "Қазақстан Республикасы МТК-нің тергеу изоляторларында айрықша жағдай режимін қолданысқа енгізу тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы" Мемлекеттік тергеу комитеті мен Ішкі істер министрлігінің 1996 жылғы 28 мамырдағы N 99/192...

**Министрдің міндетін атқарушы
полиция генерал-лейтенанты**

Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылдың 15 желтоқсанындағы NN 2706 , 2707 , "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитеті мен оның органдары туралы" және "Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы" заң күші бар Жарлықтарын орындау мақсатында, өзара тиімді қимыл жасау мен құқық тәртібінің сақталуын қамтамасыз ету үшін **БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. "Қазақстан Республикасы МТК-нің тергеу изоляторларында айрықша жағдай режимін іске енгізу тәртібі туралы" Нұсқаулық бекітілсін (қоса тіркелген)

2. Қазақстан Республикасы МТК-нің тергеу изоляторларында айрықша жағдай режимін енгізу кезінде облыстар бойынша МТКБ бастықтары, облыстардың ІБ бастықтары, ішкі әскерлер құрамаларының командирлері бір айлық мерзімде бірлесіп қимыл жасау жоспарын бекітсін.

3. Бірлесіп жасалған жоспарлардың көшірмелері оларды тергеу изоляторларында айрықша жағдай режимін енгізу кезінде орындау үшін ІБ, МТКБ-нің кезекті бөлімдерінде сақталсын.

4. Бұйрық Қазақстан Республикасының МТК мен ІІМ-нің барлық жедел-басшы құрамына хабарлансын.

Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік Тергеу
комитетінің
ТӨРАҒАСЫ

әділет генерал-полковнигі

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер
МИНИСТРІ

Ішкі әскерлер қолбасшысы

генерал-лейтенант

**"Қазақстан Республикасы МТК-нің тергеу
изоляцияларында айрықша жағдай режимін
іске енгізу тәртібі туралы"
Нұсқаулық**

I. Жалпы ережелер

1.1. Төтенше жағдайлар кезіндегі іс-қимылдар "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ішкі әскерлері туралы" Заңға сәйкес және Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылдың 15 желтоқсанындағы N N 2706, 2707 "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитеті мен оның органдары туралы" және "Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы" Жарлықтарымен тергеу изоляцияларында, оларға іргелес жатқан аумақтарда енгізілетін уақытша шара болып табылады және Мемлекеттік тергеу комитеті, ішкі істер және ішкі әскерлер органдары қызметінің азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, заңды тұлғалардың құқықтарын шектеуді, сондай-ақ оларға қосымша міндеттер жүктеуді белгілейтін айрықша құқықтық режимді б і л д і р е д і .

Айрықша жағдай режимі тек тергеу изоляциясына іргелес жатқан аумақта, елді мекендерде тұратын, онда жұмыс істейтін адамдардың, сондай-ақ тергеуде отырғандар мен сотталғандардың (арнаулы контингенттің) қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ғана енгізіледі.

1.2. Айрықша жағдай режимін енгізудегі мақсат - жедел жағдайды тезірек тұрақтандыру, тергеу изоляцияларының қалыпты қызметін қамтамасыз ету, заңдылық пен құқық тәртібін қалпына келтіру, тергеу изоляциясы қызметкерлерінің, арнаулы контингент пен осы мекемеге іргелес аумақта тұрып жатқан адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ шұғыл құтқару және қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу үшін қажетті жағдайлар жасау.

II. Айрықша жағдай режимін енгізудің негіздері, міндеттері мен тәртіптері

2.1. Тергеу изоляторының қалыпты қызметіне, онда жұмыс істейтін қызметкерлердің, тергеуде отырғандар мен сотталғандардың, сондай-ақ іргелес аумақта тұрып жатқан адамдардың қауіпсіздігіне тікелей қауіп төнгенде ғана және төтенше шаралар қолданбай онымен күресу мүмкін болмаған жағдайда ғана айрықша жағдай режимі енгізіледі.

Айрықша жағдай режимі төмендегідей іс-әрекеттерді қамтиды:

- МТК мен ІІМ органдарының жеке құрамын тәуліктік, күшейтілген жұмыс кестесіне көшіру.

- Өндірістік цехтар мен учаскелердің жұмысын тоқтату;

- "ТЖ" кезіндегі жоспарларға сәйкес Ішкі әскерлердің күші мен техникасын жауынгерлік дайындыққа келтіру.

- төтенше жағдай кезіндегі іс-қимылда пайдалану үшін автотракторлық, бронетанктік, өрт сөндіру-су шашқыш және басқа техникаларды даярлау;

- қарудың, арнаулы құралдардың, байланыс жабдықтары мен қызметтік-із кесу иттерінің әзірлігін тексеру;

- жүргізілетін шараларда пайдалану үшін жедел ақпараттарды алу және оларға талдау жасау.

2.2. Мыналар тергеу изоляторларында айрықша жағдай режимін енгізудің негіздері болып табылады:

а) адамдардың өлімі мен материалдық құндылықтардың жойылуына әкеп соқтыратын табиғат зауалдары, катастрофалар, апаттар мен өрттер;

ә) жаппай тәртіпсіздік, арнаулы контингенттің көп адамының (10-нан астам) қатысуымен болған бұзақылықтар;

б) арнаулы контингенттің көп адамының (20-дан астам) зиянды әрекеттер жасауы;

в) күзеттен қашу;

г) тергеу изоляторының қызметкерлері мен жалдамалы жұмысшыларына шабуыл жасау;

ғ) адамдарды кепілдікке ұстау, көліктер мен қаруларды басып алу;

д) тамақ ішуден жаппай бас тарту;

е) жаппай ұшыну;

ж) эпидемия мен эпизоотияның пайда болуы.

Ішкі әскерлердің бөлімдері мен құрылымдары "а" және "ә" тармақшаларында көзделген тапсырмаларды орындауға тартылады.

2.3. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік тергеу комитетінің Төрағасы, ҚР облыстар бойынша МТКБ бастықтары режимді енгізуге мәжбүр еткен жағдайды

түзетуге қажетті мерзімде тергеу изоляторларында айрықша жағдай режимін енгізу өкілеттігіне ие.

Айрықша жағдай режимі өкілетті лауазымды адамдардың өкімдерімен жекелеген тергеу изоляторларындағы сияқты облыстың арнаулы мекемелеріне басшылық ету жөніндегі қызмет бойынша да, аймақ бойынша немесе жалпы республикадағы тергеу изоляторлары бойынша енгізіледі. Айрықша жағдай режимін енгізу жөнінде қабылданған шешім облыс прокуроры мен Қазақстан Республикасының Бас прокурорына шұғыл хабарланады.

2.4. Айрықша жағдай режимін енгізу туралы өкімде:

а) осы тараудың 2.2. тармақтарына сәйкес айрықша жағдай режимін енгізуге негіз болған жағдайлар;

ә) Қазақстан Республикасы ІІМ ІӨ-нің Жауынгерлік қызмет Жарғысына сәйкес атқарылатын шаралар тізбесі;

б) МТК, ІІМ және ішкі әскерлер органдарының іске қосылған күштері мен құралдары, жауапты лауазымды адамдар;

в) атауы және тергеу изоляторы туралы толық деректер (арнаулы мекемелерге басшылық ету жөніндегі топ);

г) тапсырмаларды орындаудың алдын ала болжау және қажет болған жағдайда оны ұзарту мерзімі көрсетіледі.

Айрықша жағдай режимін енгізу туралы өкім арнаулы контингентке арнаулы операция басталардан 2 сағат бұрын ғана айтылады. 2.2. тараудың ә, б, в, г, ғ, д тармақшаларында көзделген негіздер бойынша арнаулы операцияның басталғаны туралы арнаулы контингентке хабарланбайды. Тәртіп бұзушылардан бұзақылық әрекеттерін тоқтату талап етіледі және оларға жеке құрамды кіргізу арқылы төтенше шаралар қолданылатындығы ескертіледі.

Айрықша жағдай режимі кезінде тапсырмаларды орындау Қазақстан Республикасының Заңдарын қатаң сақтай отырып жүзеге асырылады. Айрықша жағдай режимін енгізу кезінде жүргізілетін шаралардың орындалу тәртібі мен реттілігі ҚР ІІМ ішкі әскерлерінің Жауынгерлік қызмет Жарғысымен және олардың қызметін белгілейтін МТК мен ІІМ-нің басқа да нормативтік актілерімен анықталады.

Ескерту: Бұл бұйрық Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі ішкі әскерлерінің жауынгерлік қызмет Жарғысы шыққанша әрекет етеді.

Арнаулы мекемелерге басшылық жасау жөніндегі басқарма

Қызмет бабында пайдалану үшін

*Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлігі*

*Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік тергеу комитеті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК